

**«Шәкәрім атындағы университеті түлектер қауымдастығы»
қоғамдық бірлестігінің
2021-2022 жж. атқарылған жұмыстарының
ЕСЕБІ**

• Шәкәрім атындағы университет түлектері қауымдастығының 2021 жылдың сәуір айында Бақылау кеңесінің мәжілісі, мамыр айында құрылтайшылардың жалпы жиналысы өткізілді.

• 2021 жылдың шілде айында құжаттар жинақталып, ШҚО Әділет басқармасында қоғамдық бірлестік тіркеуден өткізуге ұсынылды.

• Университет факультеттері бойынша түлектердің тізімі жасалып, толықтырылуда. Ғылымда, өнерде, спортта, кәсіпкерлік салада, мемлекеттік қызметте жоғары жетістіктерге жеткен, өңірге белгілі түлектердің тізімі жасалды (жиыны 500 астам).

• Түлектердің 30, 40, 50 жылдық кездесулері ұйымдастырылып, жоғары дәрежеде өтуіне қолдау көрсетілді. Мәселен, Филология факультетінің түлектері 50 жылдық кездесу өткізсе, Қазақ тілі мен әдебиетін бітірген түлектер 40 жылдық, Жаратылыстану-математика факультетінің түлектері 40 жылдық, Бейнелеу өнері және сурет мамандығын бітірген түлектер 30 жылдық, Инженерлік-технологиялық факультетінің түлектерінің 40 жылдық кездесулері өткізілді.

• Ардагер түлектер мен студенттердің кездесуі жиі өткізіліп тұрады. Сонымен қатар, ардагер ұстаздар мен студенттердің спорттық сайыстарын өткізу дәстүрге айналған.

• Қызмет атқарып жүрген түлектердің өз саласы бойынша студенттерге шеберлік сағаттары ұйымдастырылуда. Мысалы, Абай облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Тұрлыбекова Асем Қадырқызы Гуманитарлық-экономика факультетінің «Экономика және қаржы» кафедрасында «Бухгалтерлік есеп және қаржы» білім беру бағдарламасының 3-4 курс студенттері мен жас оқытушыларына «Қазақстан Республикасының салық жүйесі» тақырыбында дәріс өткізді.

• Оқу процесін жетілдіру, материалдық-техникалық базаны нығайту үшін түлектердің қолдауымен бірнеше оқу кабинеттері ашылды. Атап айтқанда, профессорлар Қ.Шаяхметұлы, Ә.Молдажанова, А.Исаұлы, С.Маусымбаев, К.Әлмұхаметұлы, С.Дүйсенбаев, Е.Төлеуов, З.Тоқаев, З.Сәнік, С.Қожыкенов, А.Мұкатаев, Т.Рахимов атындағы зал, ғылыми кітапхана, дәрісхана, зертханалар ашылып, студенттердің пайдалануына берілді.

• Түлектер қауымдастығы университетте ұйымдастырылған бос орындар жәрмеңкесінде оқуын бітіретін түлектердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына өз үлестерін қосты.

• 2022 жылы қазан айында Зооветеринарлық институттың 70 жылдық мерейтойында түлектер үлкен қолдау көрсетті.

• 2022 жылы желтоқсан айында Абай облысының Әділет департаментінде қоғамдық бірлестік қайта тіркеуден өткізілді.

Шәкәрім университеті
түлектер қауымдастығы
Бақылау кеңесінің төрағасы



Б. Иісбек



А. Тұрлыбекова шеберлік сағатын өткізуде



Кадр Әлмұхаметұлы атындағы хирургиялық блок



Ә.Молдажанова атындағы «Педагогикалық дизайн» дәрісханасы



Қ.Шаяхметұлы атындағы лингвотаным дәрісханасы



С.Маусымбаев атындағы дәрісхана



Т.Рахимов атындағы камералық зал



Н.Өтепбаев атындағы өнер студиясы



Бос орындар жәрмеңкесінен көрініс